

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Мектепке дейінгі баланың ойын арқылы тілін дамыту

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.02.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/132376/

Бала, қоршаған ортасындағы барша әрекеттерді бір ойын деп түсінеді. Ойнап жүріп үйреніп, ойнап жүріп өмір сүруге бейімделеді. Ойын арқылы бала өзін таниды. Ойын барысында әртүрлі қиындықтарды еңсеріп, ішкі тірегі қалыптасады. Бала кезде қанып ойын ойнаған бала, ересек шағында өмірде күрмеуі күшті мәселелерді оңай шешеді. Ойын барысында бала ешқашан үнсіз қалмайды. Топпен ойнаса достарымен, ойыншықтармен ойнаса солармен, тіпті, өзімен-өзі іштей диалог құра отырып, ойын ойнайды. Міне, сондықтан, ойын арқылы баланың тілін дамыту ең тиімді әдіс болмақ.

Жалпы, оқу ісі-әрекетінде ойындарды: ұлттық ойындар, сюжетті рольді ойындар, қимылды ойындар, дидактикалық ойындар деген топтарға бөлінеді.

Ұлттық ойындардың ішінде: «Аққу ұшты», «Сөз құра», «Жұмбақ жасыр» ойындары баланы тілдік тұрғыда ғана емес, іс-қимыл тұрғысынан дамытуды маңызы зор. Мысалы, «Сөз құра» ойынында балалар шеңбер жасап тұрады. Бірінші бала бір сөз айтады, ал екінші бала сол сөздің соңғы әріпінен басталатын сөз айтады солайша шеңбер бойымен ойын жалғасады.

Сюжетті рольді ойындардан: «Алдар көсе мен Бай», «Мақта қыз бен мысық», «Мысық пен тышқан» ойындары балалар үшін қызықты әрі көңілді болмақ. Жалпы, сюжетті ойындар ойнату барысында балалардың өздері көріп жүрген мультфильмдері, ертегілері ойнатылса нұр істіне нұр. Әр балаға сол ойыннан бір-бір роль беріп, сөздер бойынша қойылым қойып ойнайды. Бұл кезде балалардың жаттау қабілеті артып, топпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Қимылды ойындарға: доп қуу, мұз қатырғыш, құтқарушы ойындарын ойнауға болады. Бұл ойындарды көбіне күн жылы болса далада, кең жерде ойнаған абзал.

Ал, дидактикалық ойындарға: «Ғажайып қалта», «Қимылды көрсет», «Даусын сал» ойындары жатады. Дидактикалық ойындар қысқа әрі жылдам болуымен ерекшеленеді. Бұл ойын түрінде балалардың когнитивті жүйесі жақсы дамиды. Әсіресе балалаш шапшаңдыққа үйреніп, миларының жылдам дамуын сеп болады. Соның ішінде «Қимылды көрсет» ойынына тоқталайық. Тәрбиеші балаларды кезек-кезек таңдап, жеке алып шығып, оған бір жануарды айтады. Ал, ол бала топқа барып, сол жануардың қимыл іс-әрекетін еш сөйлеместен салады. Ал, балалар сол жануарды табуы тиіс.

Ойын баланың физикалық белсенділігін арттырып, физиологиясын ғана дамытып қоймай, тілін дамытуда, оның ішінде: сөздік қорының молайып, сөйлеу арқылы әлеммен байланыс орнату жолында үлкен рөл атқарады. Ойын арқылы балалар қоғамдық белсенділікті меңгереді, өзінің индивид екенін, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Қысқаша айтсақ, ойын баланың дамуын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, топпен жұмыс істеу, түрлі дағдыларын арттыруға негіз болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін ұлттық ойын арқылы дамыту

Ұлттық ойындар – ата-бабамыздан бізге жеткен, ұрпақтар сабақтастығын байланыстырып, тарихымызды еске салатын асыл мұра. Ұлттық ойындарда салт-дәстүр сақталынады. Сондай-ақ оларды ойнауға деген бізде табиғи икемділік бар. Олар көбіне балада шапшаңдық, мінез, ішкі сенім, қырағылық, қиялын дамыту, ептілік, физикалық белсенділікті арттыру тұрғысынан да маңызы зор.

Қазақтың ұлттық ойындары көбіне командалық жүйеге негізделген. Яғни топ болып ойнау арқылы әлсізге жәрдем беріп, бірге алдыға жылжып, қысылатын, ұялатын баланы ашып, бір-біріне деген бауырмалдық сезімін оятады.

Ұлт ойындары адам еңбегінің жемісі. Халықтың қиялынан туған ой құбылысының көрінісі. Қазақ төрт-түлік малдың асығы, сүйегі қаншама ойын түрлерін ойлап тапқан. Мысалы, жаңылтпаш айту баланы шешендік өнерге баулып, әріптерінің анық әрі сенімді шығуын дамытқан. Сол арқылы сөздік қоры молайған. Тіл дамыту бойынша ойын түрлеріне: «Санамақ», «Жылдам айт», «Сиқырлы қоржын», «Дауысын айыра біл» жатады.

Мысалы, «Дауысын айыра біл» ойыны. Ойынға қатысушылар араласып отыра қалады. Іштерінен бір бала таңдап алынып, ортаға көзі жұмулы күйде шығады. Ол барша балалар білетін бір өлеңнің бір шумағын айтады. Отырған балалардың ішінде біреусі ары қарай өлеңді жалғастырады. Ойын аяқталғанда ортадағы бала өлеңді кім жалғастырғанын табуы керек. Егер дәл тапса, сол бала ортаға шығады. Солайша ойын жалғасады.

Қарапайым «Тығылмақ» ойынын өзінде көзін жұмушы балаға тығылатын балалар ойын басында жеміс, заттардың атын ұсынады. Ал, іздеуші бала соның біреуін таңдауы тиіс. Себебі таңдаған заты оның қаншаға дейін санайтынына тікелей байланысты болмақ. Мысалы, таңдауда қияр, мылтық, алма, жүзім болды делік. Егер бала қиярды таңдаса, онда ол қырыққа дейін санап көзін жұмады.

Сондай-ақ қазақта баланы сырттай бақылап, қай ойында белсенді екеніне назар аударып, оның өмірлік істерге деген икемділігін аңғарған. Егер күш сынасатын ойындарда мықты болса оны батырлыққа тәрбиелеген. Егер сөзге шешен, сөздік сайыстарда үздік болса, шешендікке, ақындыққа баласын икемдеген.

Қорытындылай келе, қазақ халқының ұлттық мұраларының бірі – ұлт ойындары. Өйткені

ұлттық ойындармен біз баланың тілін дамытып қана қоймай, болашақ жастарды рухани сезімге тәрбиелей аламыз. Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары — баланы іс-әрекетке, адамгершілік әдептерді игеруге, ақыл ойын жетілдіруге,

отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оларды заман талабына сай икемдеп отыру жолында тәрбиешілердің рөлі үлкен.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.